

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ
МИНИСТРЛІГІ
МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІ
«БЕРЕЛ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ**

“Берел” музей-қорығының
“Б” қаңтар 2026 жылғы
№ 1 ғылыми-әдістемелік
кеңес отырысында қаралып,
қабылданды

БЕКІТЕМІН
“Берел” мемлекеттік тарихи-мәдени
музей-қорығының директоры М.а.
Қасымжанов



**Берел музей-қорығы бойынша экскурсия жүргізу
тәсілдеріне арналған әдістемелік
ұстаным**

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы әдістемелік құрал «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы аумағында экскурсия қызметін жүзеге асыратын экскурсоводтар, ғылыми қызметкерлер, әдіскерлер үшін арналған.

2. Әдістемелік құралдың мақсаты - Берел музей-қорығында экскурсия жүргізудің бірыңғай кәсіби стандартын қалыптастыру.

3. Экскурсиялық мәтіндер осы құралға қосымша ретінде беріледі және мазмұндық өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

4. Құрал Қазақстан Республикасының мәдени мұраны қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

**1. ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН
МІНДЕТТЕРІ**

1.1 Мақсаты:

- Экскурсия жүргізудің әдістемелік негіздерін жүйелеу;
- Экскурсия сапасын арттыру;
- Тарихи-мәдени мұраны насихаттау.

1.2 Міндеттері:

- Экскурсия құрылымын біріздендіру;
- Экскурсия жүргізу әдістерін нақтылау;
- Аудиториямен жұмыс ерекшеліктерін айқындау;
- Экскурсоводтардың кәсіби қызметіне қойылатын талаптарды белгілеу.

2. ЭКСКУРСИЯНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘРТІБІ

2.1 Экскурсия бекітілген маршрут пен уақыт кестесіне сәйкес жүргізіледі.

2.2 Экскурсия басталар алдында экскурсовод:

- топты қарсы алады;
- қауіпсіздік және тәртіп ережелерімен таныстырады;
- экскурсияның тақырыбы мен ұзақтығын хабарлайды.

2.3 Экскурсия барысында белгіленген маршруттан ауытқуға жол берілмейді.

3. ЭКСКУРСИЯ ҚҰРЫЛЫМЫ

Экскурсия келесі кезеңдерден тұрады:

3.1 Ұйымдастыру кезеңі

3.2 Кіріспе бөлім

3.3 Негізгі бөлім

3.4 Қорытынды бөлім

Экскурсия мәтіндері осы құрылымға сәйкес қолданылады.

4. ЭКСКУРСИЯ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕРІ

Экскурсия жүргізу кезінде келесі әдістер қолданылады:

- әңгімелеу әдісі;
- көрсету әдісі;
- сұрақ-жауап әдісі;
- салыстыру әдісі;
- интерактивті тәсілдер (аудитория ерекшелігіне қарай).

Әдістерді таңдау экскурсия түріне және келушілер құрамына байланысты жүзеге асырылады.

5. АУДИТОРИЯМЕН ЖҰМЫС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

5.1 Балалар мен оқушыларға арналған экскурсиялар:

- жеңілдетілген тілде;
- көрнекілікке негізделіп жүргізіледі.

5.2 Ересектер мен мамандарға арналған экскурсиялар:

- ғылыми деректерге сүйене отырып;
- талдамалы сипатта өткізіледі.

5.3 Шетелдік туристерге арналған экскурсиялар:

- халықаралық ғылыми маңызға назар аудара отырып;
- қысқаша әрі жинақы түрде жүргізіледі.

6. ЭКСКУРСОВОДҚА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Экскурсовод:

- бекітілген экскурсия мәтіндерін меңгеруі;

- тарихи-мәдени деректерді бұрмаламай жеткізуі;
- сөйлеу мәдениетін сақтауы;
- қызметтік этиканы ұстануы;
- музей-қорықтың ішкі тәртіп ережелерін орындауы тиіс.

7. ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ МҰРАНЫ ҚОРҒАУ

7.1 Экскурсия кезінде:

- археологиялық нысандарға зақым келтіруге;
- қорымдарға рұқсатсыз кіруге;
- жәдігерлерге қол тигізуге тыйым салынады.

7.2 Экскурсовод келушілердің қауіпсіздігіне жауапты.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8.1 Осы әдістемелік құрал музей-қорық директорының бұйрығымен бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

8.2 Құралға өзгерістер мен толықтырулар ғылыми-әдістемелік кеңестің шешімі негізінде енгізіледі.

8.3 Әдістемелік құралдың орындалуын бақылау музей-қорық әкімшілігіне жүктеледі.

ҚОСЫМША

Экскурсия мәтіндері (бекітілген нұсқалар)